

"Павлодар қаласы бюджетінен аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну төлемақысы бойынша тұрғын үй көмегі көрсету жөніндегі қағиданы" бекіту туралы.

Күшін жойған

Павлодар қаласы әкімшілігінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 62/32 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 15 тамызда N 1999 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар қалалық мәслихатының 2008 жылғы 19 маусымдағы N 148/7 шешімімен.

Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар қалалық мәслихатының 2008 жылғы 19 маусымдағы N 148/7 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабы 2-тармағына сәйкес, Павлодар қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Павлодар қаласы бюджетінен аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну төлемақысы бойынша тұрғын үй жәрдемақысын көрсету жөніндегі қағида бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларына жүктелсін.

Сессия төрағасы

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т т ы ң

х а т ш ы с ы

ІІ сайланған Павлодар қалалық мәслихатының 2003 жылғы 4 шілдедегі ХХХІІ сессиясының "Павлодар қаласы бюджетінен аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну төлемақысы бойынша тұрғын үй жәрдемақысын көрсету жөніндегі қағиданы бекіту туралы" N 62/32 шешіммен бекітілген

Павлодар қаласы бюджетінен аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну төлемақысы бойынша тұрғын үй көмегі көрсету жөніндегі қағида <*>

Ескерту. Шешім атауы және көрсетілген шешіммен бекітілген қағида атауына өзгерістер енгізілді - Павлодар қалалық мәслихатының 2007 жылғы 28 наурыздағы N 29/31 шешімімен.

1. Жалпы ережелер

1. Тұрғын үй жәрдемақысы Павлодар қаласында тұрақты тұратын және Павлодар қаласының аумағында орналасқан тұрғын үйдің меншік иесі немесе жалдаушылары (жалгерлері) болып табылатын, тұрғындардың аз қамтамасыз етілген бөлігіне тұрғын үйді ұстау (пешпен жылытылатын жеке тұрғын үйді ұстаудан басқа) және коммуналдық қызметті тұтыну төлемақысы бойынша шығынның жарым-жартылай орнын толтыру үшін берілетін жәрдемақы.

2. Тұрғын үй көмегі құқығы бар, тұрғын үйдің меншік иесі Павлодар қаласының аумағында тұрақты тұратын, тұрғын үйге немесе оның бөлігіне құқығы бар жеке тұлға, егер өтемақы шаралары және коммуналдық қызметті тұтыну нормативтері қамтамасыз етілетін, тұрғын үй көлемі мөлшері шегінде тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет тұтыну төлемақысы бойынша шығындар барынша мүмкін шығын үлесінен асатын жағдайда осы мақсатқа.

3. Тұрғын үй көмегі құқығы бар, тұрғын үйдің жалдаушысы (жалгері) - Павлодар қаласының аумағында тұратын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы тұрғындарын тіркеу мен құжаттау Ережелеріне сәйкес, заңда белгіленген тәртіппен жасалынған тұрғын үйді жалдау шартының бір жағы болып табылатын, тұрғын үйді немесе оның бөлігін тұрақты немесе уақытша пайдалана алатын жеке тұлға, егер өтемақы шаралары және коммуналдық қызметті тұтыну нормативтері қамтамасыз етілетін, тұрғын үй көлемі мөлшері шегінде тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет тұтыну төлемақысы бойынша шығындар барынша мүмкін шығын үлесінен асатын жағдайда осы мақсатқа. < * >

Ескерту. 3 тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар қалалық мәслихатының 2004 жылғы 18 тамыздағы N 72/8 шешімімен.

4. Тұрғын үй иесінің (жалдаушысының) отбасы мүшесі - Павлодар қаласының аумағында тұрғын үй иесімен бірге тұратын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы тұрғындарын тіркеу мен құжаттау

Ережелеріне сәйкес, тұрғын үй көмегі көрсетудің мөлшерін анықтау кезінде есептелген және отбасы мүшесі бола алатын жеке тұлға.<*>

Ескерту. 4 тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар қалалық мәслихатының 2004 жылғы 18 тамыздағы N 72/8 шешімінен.

5. Тұрғын үй белгіленген техникалық, санитарлық және басқа да міндетті талаптарға жауап беретін, тұрақты тұруға арналған бөлек тұрғын үй бөлігі (жеке тұрғын үй орталық жылуымен, пәтер, жатақханадағы бөлме).

6. Коммуналдық қызметтер сумен жабдықтау, канализация, газбен, электрмен, жылумен жабдықтау, қоқыс шығару, лифт арқылы тұрғын үйге (тұрғын ғимараттарына) берілетін қызметтер.

7. Тұрғын үйді ұстауға жұмсалатын шығындар тұрғын үйді пайдалануға, ағымдағы және күрделі жөндеу жасауға, сондай-ақ жер учаскесін ұстауға қажетті төлем сомасы.

8. Әлеуметтік қалып мөлшері (одан әрі - ӘҚМ) өтемақы шараларымен және тұтыну нормативтерімен қамтамасыз етілетін, тұрғын үй көлемі мөлшері шегінде тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметке ақы төлеуге жұмсалатын шығындар.

2. Тұрғын үй көмегі тағайындаудың құқығы мен тәртібін анықтау

9. Егер өтемақы шаралары және коммуналдық қызметті тұтыну нормативтері қамтамасыз етілетін, тұрғын үй көлемі мөлшері шегінде тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет тұтыну төлемақысы бойынша шығындар осы мақсатқа барынша мүмкін шығын үлесінен асатын жағдайда тұрғын үй көмегі құқығына ие болады.

Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет тұтыну төлемақысының барынша мүмкін шығындар үлесі 15 пайыз мөлшеріндегі отбасының жиынтық табысынан белгіленеді.

Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет тұтыну төлемақысы әлеуметтік қалып мөлшерінен асқан жағдайда өтініш иесіне жалпы негізде беріледі.<*>

Ескерту. 9 тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар қалалық мәслихатының 2004 жылғы 18 тамыздағы N 72/8 шешімінен.

10. Осы қағида талаптарына сәйкес, тұрғын үй меншік иесінің (жалдаушысының) тұрғын үй а құқығын анықтау кезінде оның отбасы құрамы тұрғын үй көмегі жәрдемақысы тағайындалған кезде анықталады.

11. Ұзақ мерзім бойы отбасында болмайтын, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тұрғын үйге құқығы сақталған тұлғалар отбасы құрамына енгізілмейді.

12. Мынадай нормативті көлем:

жалғыз тұратын азаматтар үшін 30 шаршы метр (тұрғын үйдің жалпы көлемінен), бірақ бір бөлмелі пәтерден аз болмауы керек;
2 және одан көп адамдардан тұратын отбасы мүшелері үшін бір адамға (тұрғын үйдің жалпы көлемінен) Электр қуатын пайдалану мөлшері бір адамға 75 кВт мөлшерінде белгіленсін.

13. Бір бірліктен артық тұрғын үйі (пәтер, үй) бар немесе үй-жайды жалға (жалдау) беретін тұлғалардың тұрғын үй көмегі алуға құқығы жоқ.<*>

Ескерту. 13 тармақ жаңа редакцияда - Павлодар қалалық мәслихатының 2006 жылғы 30 наурыздағы N 47/23 шешімінен.

Ескерту. 13 тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар қалалық мәслихатының 2006 жылғы 10 шілдедегі N 68/25 шешімінен.

14. Тұрғын үй көмегі алуға:
жалғыз басты және жалғыз тұратын зейнеткерлердің, жан басына шаққандағы орташа табысы базалық зейнетақы есебімен 13 айлық есептік көрсеткішінен аспайтын зейнеткерлер санынан отбасы жұптарының;
жалғыз басты және жалғыз тұратын мүгедектерінің;
мүгедектері бар; 16 жасқа дейін балалары бар мүгедектер; мүгедектер және зейнеткерлер; мүгедектер және зейнеткер жасына дейінгі азаматтар; мүгедектер отбасыларының және оларды бағып-күтумен айналысатын тұлғалардың;
"аз қамтамасыз етілген отбасы ретінде" кварталда есепте тұрған, үндеген кварталдың алдында, аз қамтамасыз етілген отбасыларының;
жұмыс істейтін тұлғалардың; жұмыспен қамту орталығында тұрған, жұмысқа қабілетті жастағы тұлғалардың; зейнеткерлер; жұмыспен қамтудың уәкілетті органында тіркелмеген, зейнеткер жасына дейінгі (ерлер 58 жастан бастап, әйелдер 53 жастан бастап) жұмыс істемейтін тұлғалардың; өзінің құрамында бір жарым айдан астам уақыт стационарлық емделуде болған еңбекке жарамды, туберкулезбен, онкологиялық аурулармен науқас тұлғалары, оқушылар мен студенттер, магистратура мен аспирантураны қоса алғанда, күндізгі оқыту нысанында оқитын тыңдаушылар мен курсанттар, сондай-ақ 80 жастан асқан адамдарды, жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын азаматтары, жүкті әйелдері, осы себеп бойынша жұмыспен қамтудың уәкілетті органдарындағы есептен шығарылғандары, мүгедек-балаларды бағып-күтумен айналысатын азаматтары барларының құқығы бар.<*>

Ескерту. 14 тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар қалалық мәслихатының 2004 жылғы 18 тамыздағы N 72/8 шешімінен.

Ескерту. 14 тармақ жаңа редакцияда - Павлодар қалалық мәслихатының 2006 жылғы 30 наурыздағы N 47/23 шешімінен, Павлодар қалалық мәслихатының 2006 жылғы 10 шілдедегі N 68/25 шешімінен.

15. Шиеленісті, даулы немесе қалыптан тыс жағдайлар пайда болған

жағдайда тұрғын үй көмегі тағайындау туралы мәселені шешу "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жанындағы (одан әрі-Басқарма) даулы мәселелерді шешу жөніндегі комиссияның қ а р а у ы н а б е р і л е д і . < * >

Ескерту. 15 тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар қалалық мәслихатының 2007 жылғы 28 наурыздағы N 29/31 шешімімен.

16. Тұрғын үй көмегі тағайындау туралы шешімді тұрғын үйдің меншік иесінің (жалдаушысы) өтініші және тұрғын үй көмегі алуға құқығы барлығын растайтын қажетті құжаттардың негізінде Басқарма белгілейді.

17. құжаттардың тізбесі:

1) тұрғын үй меншік иесінің (пайдаланушысының) құқығын анықтайтын құжат - мәлімет үшін;

2) отбасы құрамын анықтайтын, құжат (2 қосымша);

3) отбасының жиынтық табысы туралы құжат (1 қосымша);

4) өтініш жасаған жарты жылдың алдындағы жарты жылға қызмет көрсетушілерден коммуналдық қызметтер және тұрғын үйді ұстауға жұмсалатын шығындар төлемінің есебін дәлелдейтін, құжаттар (өтініш берушінің қалауы бойынша таңдалынады) мәлімет үшін.

Мәлімет үшін тапсырылған құжаттардан ақпарат, Басқарма маманы толтырған, ақпараттық парақтарда жазылады.

18. Өткен тоқсанда тұрғын-үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге арналған табыстар мен шығындар бойынша осы тоқсанға құжаттарды тапсыру уақытына тәуелсіз тұрғын-үй жәрдемақысы бір тоқсан мерзіміне ғана тағайындалады. < * >

Ескерту. 18 тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар қалалық мәслихатының 2004 жылғы 18 тамыздағы N 72/8 шешімінен.

19. Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижесі бойынша өтініш берушімен тұрғын үй көмегі есептелген мөлшері көрсетілген белгіленген үлгіде келісім шарты жасалады. Шарт екі данада жасалады, біреуі өтініш берушіде, екіншісі Басқармада сақталады. өтініш беруші келісім шартқа қол қоюдан бас тартқан жағдайда тұрғын үй жәрдемақысы тағайындалмайды. Келісім шарттың нысанын Б а с қ а р м а б е л г і л е й д і .

20. Өтініш беруші өтініште көрсетілген мәліметтердің және жасалған шарттың талаптарына сәйкес ұсынылған құжаттардың толықтығына және растығына жауап береді. Тұрғын үй көмегі алу құқығына тиісті барлық өзгерістер жөнінде Басқармаға өзгерістер болған күннен бастап 10 күн ішінде хабарлауға міндетті. (Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну төлемақысы тәртіп бойынша үй жәрдемақысы берілетін туралы ереже)

21. Тұрғын үйде бірнеше тұрғын иесі тұратын жағдайда отбасы құрамының басқа иелерін есепке ала отырып, бастапқы тіркелінген өтініш беруші адамға тұрғын үй жәрдемақысы тағайындалады.

22. Тұрғын үй көмегі есептеген кезде:

Толық емес айға қандай -да бір коммуналдық қызмет түрлерін төлеуге ақша есептеген кезде (сумен қамтамасыз ету, газ, электр, жылу энергиялары, күл-қоқыс шығару, арна жүргізу, лифт), стандарттың әлеуметтік мөлшері бойынша сомасын қайта есептемей, толық ай болып саналсын (тоқсан).

Тұрғын үй көмегі есептеген кезде нақты тұтыну мөлшері бойынша есептелген коммуналдық қызмет қайта есептелмесін.<*>

Ескерту. 22 тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар қалалық мәслихатының 2004 жылғы 18 тамыздағы N 72/8 шешімінен.

23. Өтініш берушіге тұрғын үй жәрдемақысы белгіленген тәртіпте коммуналдық қызметтің есептелген сомасы мен тұрғын үйді ұстауға жұмсалатын шығындарға сәйкес тұрғын үйде тұратын отбасы құрамының санын есепке ала отырып жүргізіледі. Коммуналдық қызметі есептелінетін тұрғын үйде нақты тұратын адамдар санымен осы үйде тіркелген адамдар саны сәйкес келмесе, отбасы тұрғын үй көмегі алу құқығынан айырылады.

24. 2, 3, 4 және одан да көп бөлмелі пәтерлерде жалғыз тұратын азаматтар үшін жылу берілетін кезеңде (қазан айынан наурыз айына дейін) нақты есептелген коммуналдық қызмет пен тұрғын үйді ұстау төлемақысы тіркелінбей, тұрғын үй жәрдемақысы әлеуметтік қалып мөлшері негізінде есептелсін.

3. Тұрғын үй көмегі мөлшері және төлеу тәртібі

25. Жәрдемақы мөлшері меншік иесінің өтемақы шараларымен және тұтыну нормативтерімен қамтамасыз етілетін, тұрғын үй көлемі мөлшері шегінде тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну төлемақысы үшін нақты төлем және осы мақсатқа барынша мүмкін шығын деңгейі арасындағы айырмашылық р е т і н д е е с е п т е л е д і .

25-1. Отбасының табысы өмір сүру минимумынан төмен 18 шаршы метрден кем ауданда тұратын, осы ауданда тұратын саны мен нақты шығындарына тәуелсіз жылу беру мерзіміне айына 50% есептік көрсеткіш мөлшерімен тұрғын - үй жәрдемақысы тағайындалуы жүргізілетін тұрғын -үй көмегі құқықтары бар т ұ л ғ а л а р . < * >

Ескерту. 25-1 тармағымен толықтырылды - Павлодар қалалық мәслихатының 2004 жылғы 18 тамыздағы N 72/8 шешімінен.

25-2. Отбасының жиынтық табысы жоқ болған жағдайда тұрғын-үй көмегі есебін 3 айлық есептік көрсеткіштен бастап жүргізісін.

Ескерту. 25-2 тармағымен толықтырылды - Павлодар қалалық мәслихатының 2004 жылғы 18 тамыздағы N 72/8 шешімінен.

26. Тұрғын үй көмегі мөлшері тұрғын үйге және коммуналдық қызметке нақты есептелген төлемнен аспауы керек.

27. Айына ең төменгі жәрдемақы мөлшері, егер жәрдемақының есептік сомасы айлық есептік көрсеткіштің 20-дан 0,5 мөлшерін құраған жағдайда, зейнетақы, жәрдемақы және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін заңнамада белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 0,5 мөлшерінен кем болмауы керек.

28. Тұрғын үй жәрдемақысы ақшаның қолма-қолсыз нысанында беріледі. Басқарма төлемді қалалық бюджет қаражатынан өтініш берушінің жазбаша өтініште көрсетілген қызмет беруші мекеменің (қызмет беретін мекемелердің) шотына осы соманы аудару арқылы жүргізеді.

29. Өтініш берушінің отбасының жиынтық табысы қолданылып жүрген қазақстан Республикасының заңнамаларына және осы қағида талаптарына сәйкес анықталады.

30. Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтынудың есептік-нормативтік шығынын анықтау табиғи монополияларды реттеу жөніндегі уәкілетті органның деректері негізінде жүргізіледі.

4. Есеп жүргізу және есеп беру

31. Тұрғын үй көмегі көрсетуге арналған қаражатты жұмсауға есеп жүргізу және есеп беруді Басқарма жүзеге асырады.

32. Тұрғын үй көмегі беруге негіз болған құжаттар заңнамамен белгіленген мерзімде Басқармада сақталады.

II сайланған Павлодар қалалық мәслихатының 2003 жылғы 4 шілдедегі XXXII сессиясының "Павлодар қаласы бюджетінен аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну төлемақысы бойынша тұрғын үй көмегі көрсету жөніндегі қағиданы" бекіту туралы N 62/32 шешіміне N 1 қосымша

Өтініш берушінің отбасы мүшелерінің табысы туралы мәліметтер

(тұрғын үйдің иесі өтініш берушінің аты-жөні, тегі)

(мекенжайы, телефон)

р /с	Отбасы мүшелерінің аты-жөні,тегі	Жұмыс,оқу орны (күжаттар мен дәлелденген қосымшалары)	Күжаттармен дәлелденген табысы		Басқа табыстар туралы мәліметтер				
			еңбекқызметі туралы	зейнетақы, жәрдемақы стипендия	Кәсіпкерлік қызметінен табысы	Алатын алименті туралы	Жеке қосалқы шаруашылығынан табыс	Мүліктік табысы	Өзге де табыс түрлері

Күні _____

Өтініш берушінің қолы _____

(өтініш берушінің

толық аты-жөні, тегі қолы)

II сайланған Павлодар қалалық мәслихатының
2003 жылғы 4 шілдедегі XXXII сессиясының
"Павлодар қаласы бюджетінен аз қамтамасыз
етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстау және
коммуналдық қызметті тұтыну төлемақысы
бойынша тұрғын үй көмегі көрсету
жөніндегі қағиданы" бекіту туралы N 62/32
шешіміне N 2 қосымша

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

(тұрғын үйдің иесі өтініш берушінің аты-жөні, тегі)

(мекенжайы, телефон)

N№	Өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің аты-жөні, тегі	Өтініш берушіге туыстық қатынастары	Туған жылы

Өтініш берушінің қолы _____ Күні _____

Қолы _____

_____ Күні _____

(Өтінішті қабылдаған адамның лауазымы,
А.Ж.Т.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК